

## ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) \_\_\_\_\_

Топ: кіші топ

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 11.12 - 15.12.2023ж.

Педагогтың аты-жөні \_\_\_\_\_

Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
<b>Балаларды қабылдау</b>	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>				
<b>Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу</b>	"Отаным - Қазақстан" тақырыбына әңгімелесу. Туған жер ұғымын қалыптастыру. "Отан, туған өлке, туған ел ұғымдарын білеміз бе", "Баланың денсаулығын нығайту жөнінде".				
<b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b>	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын үзіп алып тастау және суғару керектігін	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, қолды су ағымы астына	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттері. Үстел ойындары бұрышында сөренің шаңын сүрту және ойыннан кейін бөлшектерді орнына салу үлгісін көрсету; ойыншықтармен	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, фикус өсімдігінің жапырақтары жалпақ, үлкен, беті	<b>"Еңбекке баулу"</b> Мақсат-міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктердің сарғайып қалған жапырақтарын алып тастауды көрсету; суару қажеттілігін

<p>түсіндіру және көрсету. <b>(еңбек дағдылары)</b></p>	<p>өздігінен қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру; орамал ілетін орынды немесе оның суретін көрсету. <b>(еңбек дағдылары)</b></p>	<p>ойнағанда тазалық сақтау керектігін түсіндіру. <b>(еңбек дағдылары)</b></p>	<p>тегіс болатынын бақылау. <b>(еңбек дағдылары)</b></p>	<p>анықтау; құрғақ топырақты ылғалдандыру, суару үлгісін көрсету.</p>
<p><b>Ойын.</b> <b>"Пирамиданы құраймыз".</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың көңілі көтеріңкі, мінездері жайдары болуына жағдай жасау; қолдың ұсақ моторикасын, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту. Түрлі түсті шеңберлерден, Пирамида құраймын, Ең үстіңгі түсті алып,</p>	<p><b>"Менің туған қалам"</b> <b>иллюстрациясын қарастыру.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларда туған өлкесі, туған елі туралы түсініктер қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту. Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер.</p>	<p><b>"Шаршылардан мұнара құрастыру"</b> <b>дидактикалық ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Көлемі мен түсін ажырату, кеңістік пен жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. <b>Көркемсөз.</b> <b>Фариза Оңғарсынова "Жаз".</b> Гүл бөлеп, хош иіске атырабын,</p>	<p><b>"Менің Отаным"</b> <b>тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды Е. Өтетілеудің "Отан туралы" тақпағын мұқият тыңдап, педагогтің соңынан еліктеп айтуға ынталандыру. Отан туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыра бастау.</p>	<p><b>"Сылдырмақ"</b> <b>тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ырғақты естуін, дыбыстық тіл мәдениетін дамыту; көркемсөзді айтып отырып, қолындағы ойыншықты қимылдату; қуанышқа бөлену қабілетін қалыптастыру.</p>

	<p>Қайта кілемге шашамын. <b>(сөйлеуді дамыту, сенсорика)</b></p>	<p><b>(сөйлеуді дамыту)</b> <b>"Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары.</b> Мақсат-міндеттері. Арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды құрастыруды үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, бәрін ортақ құрылысқа біріктіруге ұсыныс жасайды. <b>(құрастыру)</b></p>	<p>Ағаштар жайып салды жапырағын. Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа, - Өзенде мың бұралып жатыр ағын.</p>	<p>Құралдар: балалардың санына қарай Қазақстанның табиғаты бейнеленген кәдесый жалаулары. Педагог балаларға тақпақты мәнерлеп оқып береді. Педагог жалаулар үлестіреді. Балалар қолдарына жалауларды ұстап тұрады, педагогке қосылады. <b>Көркемсөз "Менің Отаным".</b> Отан деген – атамекен, Отан деген – туған жер. Отан – ана, Отан үлкен, Қазақстан – туған ел! <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b></p>	<p>Педагог балаларға сылдырмақтарды таратады, еркін қимылдауға мүмкіндік береді. Педагог жолдардың ырғағына сай сылдырмақ туралы тақпақты мәнерлеп оқиды, балаларды бірге қосылуға тартады. Сылдырмақты соқтық, Қолға алдық "тоқ-тақ". Жаңа жылды күттік, Тоқылдаттық "тук-тук".</p>
--	---	---	---	---	--

<b>Ертеңгілік жаттығу</b>	<p>1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, жалау ұстаған қолдарын алға ұстау.  1.1. Жалауларды жоғары көтеру, оңға және солға желпу (6–8 рет қайталау).  1.2. Бастапқы қалыпқа келу.  2. Бастапқы қалып: тік тұру, жалауларды екі қолға ұстау.  2-1 жерге отыру, жалауларды иық тұсына қою, тұру, жалауларды алға қою (4-5 рет қайталау).  2-2 бастапқы қалыпқа келу.  3. Екі жалауды бір қолға ұстау, бір орында 20-30 сек. секіру.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)</b></p>
<b>Таңғы ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қатыптастыру.  Алақай! Алақай!  Барамыз дастарқанға қарай:  Ботқамыз дәмді, аппақ,  Болмаймыз сатпақ.  Қасықпен алайық,  Асықпай асайық.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</b>	<p><b>Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>  Мақсат-міндеттері. Балаларда көліктер жайлы ұғымдар қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейінін, ойлау қабілетін дамыту.  Мәшинелер жүреді ары-бері,  Алға және кері.  Жүкті тасымалдайды,  Жақын жерге, алысқа бағыттайды.  <b>"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны. (дене шынықтыру)</b>  Мақсат-міндеттері. Балаларда сигнал бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре білу дағдыларын қалыптастыру;</p>

	<p>жылдамдыққа, шапшаңдық тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру.</p> <p>Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды үлестіреді.</p> <p>- Балалар торғайлар қалай қимылдайды? Көрсетіндерші.</p> <p>Педагог балаларға торғайлардың қанатына ұқсатып, қолдарын жан-жаққа жайып, бұлғауды көрсетеді.</p> <p>- Жарайсыңдар!</p> <p>- Балалар торғайлар жолға отырып, жемді шоқиды.</p> <p>- Қалай шоқитынын көрсетейікші.</p> <p>Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырып, саусақтарымен тізесіне соққылауды көрсетеді.</p> <p>- Жарайсыңдар!</p> <p>Педагог балалардың қимылдарын көркем сөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қадағалап жүреді.</p> <p>- Торғайлар, торғайлар,  Ұшыңдар, ұшыңдар!  Жолға отырып қоныңдар,  Жемді шоқыңдар!</p> <p>Педагог рульді ұстап, автомобильді сомдайды, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды.</p> <p>- Автомобиль келе жатыр!  Абайлаңдар!  Ұшыңдар жан-жаққа:  Қыш! Қыш!</p> <p>Ойын екі рет ойнатылады.</p>				
<p><b>Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</b></p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Тальго пойызы".  Мақсат-міндеттері.  Балаларды биіктігі 10 см гимнастикалық</p>	<p><b>Музыка</b>  "Әсем шырша".  Мақсат-міндеттері.  Балаларды музыканы сезіне білуге үйрету;</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Қалайық қардан аққала".  Мақсат-міндеттері.  Балаларды допты</p>	<p><b>Дене шынықтыру</b>  "Аққала".  Мақсат-міндеттері.  Балаларға допты қақпаның ішіне қарай</p>	

	<p>орындықтың үстімен тепе-теңдікті сақтап жүру іскерліктерін; бір ізбен жүре отырып, кеңістікте дене тепе-теңдігін сақтаудың дағдыларын дамыту; гимнастикалық орындықтан тепе-теңдікті сақтап жүру жаттығуының техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін пысықтау.</p>	<p>әнді тыңдау, әуенге ілесе айта білуге және жаттығуларды дұрыс орындауды үйрету; жаңа жылдық музыка әуенімен ырғақты қимылдарды жасауға машықтандыру; Жаңа жыл мерекесінің қызықтарымен таныстыру.</p>	<p>қақпаның ішіне қарай домалатуды (арақашықтығы 1-1,5м) үйрету; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалайтынын көрсету және себебін түсіндіру. Балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын дұрыс жасай білу икемділіктерін жетілдіру; қол, дене бұлшық еттерін, дәлдеу қабілеттерін дамыту; кеңістікте допты домалату дағдыларын қалыптастыру; ұйымдастырылған іс-</p>	<p>домалатуды үйрету және дағдысын жетілдіру; допты қақпаның ішіне домалатудың техникасын меңгерту; дөңгелек заттардың домалайтыны жайлы білімдерін толықтыру; балаларды допты қақпаның ішіне қарай домалату (арақашықтығы 1-1,5 м), допты қақпаның ішіне домалату техникасын дұрыс орындау ептілігін жетілдіру; аяқ-қол қимылын үйлестіру, дәлдікті дамыту.</p>	
--	--	--	--	--	--

			әрекетке қызығушылықтарын арттыру.		
<b>2- таңғы ас</b>	Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды. Ас болсын!" ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау</b> )				
<b>Серуенге дайындық</b>	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. ( <b>мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет</b> )				
<b>Серуен</b>	<b>Қыста құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттері. Қыста құстардың тіршілігі туралы білімдерін тереңдету; оларға көмектесуге ынталандыру. Торғай, торғай, тоңдың ба, Тұра алмайсың орныңда? Бір қонасың, бір ұшып, Отырасың бүрісіп.	<b>Қыс мезгілінде өсімдіктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде өсімдіктердің тіршілігі туралы білімдерін қалыптастыру; табиғатқа құрметпен қарау сезімдерін тәрбиелеу. Күзде отырғызылған ағаштар мен бұталарды қар жауғаннан кейін	<b>Өтіп бара жатқан адамдардың киімдерін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларға қыстың келгенін байқату (күн суытты, қар жауды, мұз қатты, боран соқты; адамдар жылы бас киім, тон, етік киді). Бұл киімдер адамдарға жылы және ыңғайлы болады. Балалардың үстіне киген	<b>Көліктерді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында көліктер туралы түсініктер қалыптастыру, көліктердің ары-бері бағытта жүретінін байқату; көліктердің дөңгелектері айналатыны туралы айтуға ынталандыру; зейін, ойлау қабілетін дамыту. Машинелер жүреді	<b>Шетенді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)</b> Мақсат-міндеттері. Қыс мезгілінде шетенді бақылауды жалғастыру, оны қатты аяздан қалай құтқаруға болатынын айту. <b>Қимыл-қозғалыс ойындары. "Қар ұлпалары мен жел", "Ақшақарды тап". (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Педагогтің белгісі бойынша шеңбер бойымен жүруді

	<p>Қарап қойып жай ғана, Жем іздейсің айнала. Үйге кірші, торғайым, Мен аяздан қорғайын. Үйшік жасап берейін, Алдыға жем төгейін. - Құстарға көмектесу керек пе? Неге? - Біз оларды немен қоректендіреміз? - Жемшашардан қандай қызықты байқауға болады? <b>Қимылды ойын.</b> <b>«Торғайлар және автомобиль» (дене шынықтыру)</b> Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, шапшаңдыққа үйрету. Бір бала автомобиль, қалған балалар</p>	<p>айналып өту. Олардың қаншалықты мұқият отырғызылғанын, олардың талдары жіңішке және аласа екенін еске түсіру. Балаларға оларды жылы қармен жауып жылытуға болатынын айту, өйткені шөптер де қардың астында қатып қалмайды. Мұны қалай жасау керектігін көрсету. Тоңса біздің қолымыз, Қолғап киіп аламыз. Сарт-сарт, сарт-сарт, Шапалақ соғамыз. Етік киіп аламыз, Топ-топ, топ-топ, Топылдатып билейміз, Тоңса біздің денеміз. Тоңды киіп аламыз,</p>	<p>киімдеріне назар аударту, сұрақтар қою. Боран соғады оң жақтан, Боран соғады сол жақтан. Жауған қарды ұстасақ, Су өтеді қолғаптан. <b>Қимылды ойын.</b> <b>«Топ, топ, топ - тоқта!».</b> (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіруді жетілдіру, ойын мәтінін әрекеттермен үйлестіруді үйрету, төзімділікті дамыту, бұлшық еттердің қимылы мен күшін үйлестіру. Аяқпен топ, топ, топ, Алақанмен соқ, соқ, соқ.</p>	<p>ары-бері, Алға және кері. Жүкті тасымалдайды, Жақын жерге, алысқа бағыттайды. <b>"Торғай мен автомобильдер" қимылды ойыны.</b> (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларда белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіре білу дағдыларын қалыптастыру; жылдамдыққа, шапшаңдыққа тәрбиелеу; ойын сюжетіне ілесіп, торғайлардың қимылдарын сомдауға ынталандыру. Педагог балаларға торғайлар салынған қалташаларды</p>	<p>үйрету, әртүрлі бағытта қозғалу. <b>Өзіндік еркін ойын әрекеттері.</b> <b>"Шанамен жарыс".</b> (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Аяғымен итеріліп отырып, белгі бойынша қар үйіндісіне дейін шанамен жылжу.</p>
--	---	---	---	--	--



	<p>торғайлар болып орындықтарда отырады. Педагог торғайларға жем шашып шақырады. Торғайлар жем тере бастағанда зырылдап автомобиль келеді. Торғайлар автомобильден қашып, орындықтарына отыра қалады.</p>	<p><b>Қимылды ойын.</b>  <b>«Күн мен түн» (дене шынықтыру)</b>  Мақсат-міндеттері.  Балалардың бір-біріне қарсы бағытта жүгірмеулерін қадағалау.  Тәрбиешінің белгісін мұқият тыңдауды үйрету. Тізе бүгіп, қозғалыссыз отыру.  Педагог «күн» деген белгі бергенде, балалар қозғалады, жүгіреді, шапалақтайды. «Түн» деген белгіні бергенде барлығы тоқтап, қозғалмай тұруға тырысады.</p>	<p>Айналамыз, айналамыз,  Бір орында тұрамыз.</p>	<p>үлестіреді.  Педагог:  - Балалар, торғайлар қалай қимылдайды?  Көрсетіңдерші.  Педагог балаларға торғайлардың қанатына ұқсатып, қолдарын жан-жаққа жаюды көрсетеді.  - Жарайсыңдар!  - Балалар торғайлар жолға отырып жем шоқиды.  - Қалай шоқитынын көрсетейікші.  Педагог балаларға торғайлардың жем шоқығанын, шоқайып отырғанын, саусақтары мен тізесіне соққылауды көрсетеді.  - Жарайсыңдар!  Педагог балалардың қимылдарын</p>	
--	---	---	---	--	--

				<p>көркемсөзбен сүйемелдейді, жылжу бағытын реттеп, қимылдарын қадағалап жүреді. Торғайлар, торғайлар, Ұшыңдар, ұшыңдар! Жолға отырып қоныңдар, Жемді шоқыңдар! Педагог рульді ұстап, автомобильдің рөлін сомдайды, алаңда шоқайып отырған балаларға қарай жылжиды. - Автомобиль келе жатыр! Абайлаңдар! Жан-жаққа ұшыңдар: Қыш! Қыш! Ойын екі рет ойнатылады.</p>	
Серуеннен оралу	Серуеннен кейін беті-қолды сумен тазалап жуу дағдысын бекіту. Сылдырлайды мөлдір су,				

	<p>Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар)</b></p>				
<b>Түскі ас</b>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b> Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қалыптастыру. - Алақай! Алақай! Барамыз дастарқанға қарай: Ботқамыз дәмді, аппақ, Болмаймыз сатпақ. Қасықпен алайық, Асықпай асайық. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				
<b>Түскі ұйқы</b>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Билейтін аю» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйрету. Аудио Қ. Абдильдинаның әні «Айым болып тудың ба». <b>(музыка)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Қоянның үйшігі» ертегісін оқып беру. <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп (немесе арнайы сөреге) қоюды үйретуді жалғастыру. «Қасқыр мен тышқан» ертегісін тыңдату. (BilimKids медиа бөліміндегі ертегісі) <b>(көркем әдебиет)</b></p>	<p>Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйренеді. Балалар тыныш ұйықтауы үшін баяу музыка тыңдатады. <b>(музыка)</b></p>
<b>Біртіндеп ұйқыдан ояту,</b>	<p><b>"Қоян" тақпақ-оятпағы.</b> Қоян, қоян, тұршы,</p>				

<p><b>сауықтыру шаралары</b></p>	<p>Беті-қолыңды жушы. Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы. Әдемі көйлек киші, Бізге қонаққа келші. Содан кейін балалар аяқ киімдерін киеді, педагогпен бірге жуыну бөлмесіне барады.</p> <p>Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетіңді жу. Жуса таза болады, Беті-қолың, маңдайың. Тақпақ-оятпақтың ырғағы баяу.</p> <p><b>Шынықтыру шаралары.</b> Дымқыл сүлгімен сүртіню. Түрлі кедергілері бар денсаулық жолдарымен жалаңаяқ жүру. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, сауықтыру шаралары, дене шынықтыру)</b></p>				
<p><b>Бесін ас</b></p>	<p><b>"Біз қалай тамақтанамыз?" ойын жағдаяты.</b> Дастарқан басында тыныштық сақтау, орындыққа түзу отыру. Қасықты дұрыс ұстау, қасыққа біраз ғана тамақ түрін алу, қасықтың жалпақтау жағынан ішіп-жеу. Тамақты сораптамай, бөгде дыбыстар шығармай жеу. Тамақтану кезінде әдепті болуға тәрбиелеу. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>				
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау</b></p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері. Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру;</p>	<p><b>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</b> "Қар жауды". Мақсат-міндеттері. Балаларды қысқы табиғи</p>	<p><b>Сенсорикадан ойын-жаттығу</b> "Шыршаны безендіру". Мақсат-міндеттері. Балаларға біркелкі заттарды ортақ</p>	<p><b>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу</b> "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері. Балаларға жаңа жылдың ерекшелігі туралы түсінік беру;</p>	<p><b>Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу</b> "Үйшік" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балаларды "Үйшік" ертегісінің желісімен таныстыру, мазмұны</p>

<p><b>және басқалар)</b></p>	<p>ғажайып дорбадағы заттарды атауды үйрету; тақпақ арқылы сөздік қорын жетілдіру. Жаңа сөздер арқылы еске сақтау, зейін, сөйлеу, қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p><b>"Шарды үрлеп өсірейік" шеңбер ойыны.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларға бірігіп шеңбер құруды үйрету; шеңберде жүріп ойын сөздерін бірге айтуға ынталандыру; тілін, жаттығудан жағымды әсер алу қабілетін дамыту.</p> <p>Педагог балаларды жанына шақырады. Шарды үрлеп көрейік</p>	<p>құбылыстармен таныстыру; жауған қардың салмағы, түсі, қозғалу ерекшеліктерін байқап, қыс мезгіліне ғана тән құбылыс екені туралы ұғымдарын кеңейту; балалардың жағымды эмоцияларға бөленуіне жағдай жасау.</p> <p><b>"Шыршамыздай айналып" қимылды жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды желге ұшқан жапырақтың қозғалысына еліктеуді үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру.</p>	<p>сенсорлық сипаттары бойынша (көлемі, пішіні, түсі) біріктіру және салыстыру қабілеттерін үйрету; тапсырмаларды үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сай орындату; көлемі әртүрлі, бірақ түстері біркелкі үшбұрыштарды өзара салыстыра отырып, жоспарланған біртұтас бейнені құрастыруға дағдыландыру.</p> <p>Балалардың сенсорлық эталондарды қабылдап, ажырата білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейіні мен байқағыштығын дамыту; жасына сай</p>	<p>ғажайып дорбадағы заттарды атауды үйрету; тақпақ арқылы сөйлеу қорын жетілдіру. Балалардың жаңа сөздер арқылы еске сақтауы мен тілін, зейіні мен қабылдау қабілетін дамыту.</p> <p><b>"Қандай пішіндер жасырынды?" дамытушы жаттығуы.</b></p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың түстер мен пішіндерді қабылдауын; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Құралдар: түрлі түсті, көлемдері бірдей геометриялық пішіндер модельдері:</p>	<p>бойынша эмоционалды жауаптар қайтаруға талпындыру; ертегіні мұқият тыңдау және кейіпкерлер әрекеттерінің желісін бақылауды үйрету. Балалардың тілін, байқағыштығын, қабылдау қабілетін, еске сақтауын дамыту.</p>
------------------------------	---	---	--	--	--

	<p>(шеңберге құрып тұру, қол ұстасу),          Қол ұстасып жүрейік.          Ортадаға, артқа,          артқа          Шегіндік. Енді тоқта!          Үлкен қылып үрледік          (тоқтау),          Пах! Шарымыз жарылды!          (шапалақтау, отыру)          Пшшшшшшш ...          (отырып жатқанда дыбыстар шығару)          Балалар педагог соңынан қимылдарды қайталап жүреді.          "Пах" және "Пш" деген сөздерді балаларға қайталатып айтқызу қажет.</p>	<p>Педагог балаларға жапырақтардың қимылдарын қолмен көрсетеді,          көркемсөзбен сүйемелдейді.  <b>Көркемсөз.</b>  <b>Тұрдыбек Досанов "Күз".</b>          Ұшырды жапырақты жел екпіні,          Ол, сірә, көрді дейсің, елеп кімді.          Жоғалтқан ойыншығын жас баладай,          Мұңайып үй артында терек тұрды.</p>	<p>қарапайым сөйлеу бірліктерін игеру қабілеттерін жетілдіру.  <b>Жапсырудан ойын-жаттығу</b>          "Шырша шары".          Мақсат-міндеттері.          Балаларды үлкен домалақ (шырша шары) кескін ішін ұсақ, бірыңғай көлемдегі домалақтармен, бір-біріне тигізбей жапсыруды үйрету;          желімді пішіндерге қылқаламмен жағып жапсыруды жаттықтыру; сүлгімен пішіндердің үстінен басып, жұмысты таза істеуді үйрету;          жапсыру амалдарын игерту; балалардың</p>	<p>үшбұрыш, дөңгелек, шаршы.          - Балалар, пішіндер сендермен тығылмақ ойнайды. Қандай пішіндер тығылғандарын айтайықшы.          Педагог кезегімен түстері бөлек екі немесе үш пішінді бір-бірінің артына жасырады. Балалар пішіндердің көрінген бұрыштары мен қырларына қарап, пішіндердің атауларын атайды.</p>	
--	---	--	---	--	--

			байқағыштығын, зейіні мен танымын, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балаларды жапсыру іс-әрекетіне қызығушылықтарын қалыптастыру; мәдени қарым-қатынас пен адамгершілік ережелеріне тәрбиелеу.		
<b>Балалармен жеке жұмыс</b>	<b>"Баулармен ойнау" ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Тәрбиеші балаларға баулармен жұмыс істеу үлгісін көрсетеді. Педагог: - Қарандаршы,	Ермексаздан ұсақ кесектерді үзіп алуды және дөңгелектерді илеу амалдарын игерту. "Қар жауды". <b>(мүсіндеу)</b>	<b>"Сипау арқылы тап" ойыны.</b> Мақсат-міндеттері. Заттарды сипап-сезу арқылы тану және атауды үйрету. Құрал-жабдықтар. Тәрбиеші жана жылдық сыйлықтар туралы толық мәлімет береді. Педагог:	<b>"Әртүрлі түстер (бірінші бөлім)" атты мультфильмін көру.</b> Мақсат-міндеттері. Балалардың негізгі түстер туралы ұғымдарының қалыптасуына ықпал ету, түстерді атауға ынталандыру. <b>(сөйлеуді дамыту)</b>	<b>Өлең оқу.</b> Жарқырайды жұлдыздарым, Ілінген моншақтарым, Жымияды көк шарларым, Күлімдейді ойыншықтарым. <b>(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>

	балалар, бұның шеттерінде тесіктер бар. Сол тесіктерге бауларды өткізу керек. Мен бауды әр тесікке бір жағынан, екінші жағынан өткіземін. Қандай тегіс жол пайда болғанын қараңдар. Ал енді, сендер жасап көріңдер. Балалар баулармен әртүрлі оюлар жасап көреді. <b>(сенсорика)</b>		- Балалар, Аяз ата жаңа жылдық сыйлықтарды қапқа салып кетіпті. Сендер оларды қаптан шығармай, сыртынан сипау арқылы атауларың керек. <b>(сөйлеуді дамыту, сенсорика)</b>		
<b>Серуенге дайындық</b>	<b>"Киім-кешектер мен аяқ киімді таза ұстау туралы".</b> Мақсат-міндеттері. Балаларда мәдени-гигиеналық дағдыларды, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын қалыптастыру. Киім-кешектер мен аяқ киімдерді таза ұстаудың маңыздылығы жайлы айту, «тиянақтылық», «ұқыптылық» түсініктерімен таныстыру, киімдегі олқылықты байқауды үйрету. <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)</b>				
<b>Серуен</b>	Түскі серуенде табиғатты бақылауды жалғастыру. <b>(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</b>				
<b>Серуеннен оралу</b>	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. <b>(дербес қимыл әрекеті)</b>				



<p><b>Кешкі ас</b></p>	<p><b>Гигиеналық дағдылар</b>  Тамақтану рәсіміне қызығушылықты қатыптастыру.  - Алақай! Алақай!  Барамыз дастарқанға қарай:  Ботқамыз дәмді, аппақ,  Болмаймыз сатпақ.  Қасықпен алайық,  Асықпай асайық.  <b>(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз)</b></p>
<p><b>Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)</b></p>	<p>Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. <b>(коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)</b>  Музыкалық аспаптармен ойындар. Ертеңгілікке дайындық, қыс тақырыбына байланысты әндер. <b>(музыка)</b>  Өнер бұрышында қыс мезгілі тақырыбындағы бояуға арналған суреттерін бояту. Аққаланы мүсіндеу және жапсыру жұмыстарын жасау. <b>(шығармашылық дағдылар, жапсыру, мүсіндеу, сурет салу)</b>  Еркін рөлдік ойындар.</p>
<p><b>Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)</b></p>	<p>«Отаным - Қазақстан» тақырыбына әңгімелесу. Туған жер ұғымын қалыптастыру. «Отан, туған өлке, туған ел ұғымдарын білеміз бе?».</p>